

"Ұлттық экспорттық стратегия" үкіметтік бағдарламасының жобасы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 98-ө өкімі

"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы № 931 Жарлығының 119-2-тармағына сәйкес:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда "Ұлттық экспорттық стратегия" үкіметтік бағдарламасының жобасы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын.

2. Жұмыс тобы 2017 жылғы 31 шілдеге дейінгі мерзімде "Ұлттық экспорттық стратегия" үкіметтік бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) жобасы бойынша ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі 2017 жылғы 1 тамызға дейінгі мерзімде Бағдарламаны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Т.М. Сүлейменовке жүктелсін.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 26 шілдедегі
№ 98-ө өкіміне
қосымша

"Ұлттық экспорттық стратегия" үкіметтік бағдарламасының жобасы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобының құрамы

Сүлейменов Тимур Мұратұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, жетекші
Бәкенов Ернар Бақытжанұлы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі, жетекшінің орынбасары
Күшікова Жанель Сабырқызы	- Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Сыртқы сауда қызметін дамыту департаментінің директоры, хатшы
Рау Альберт Павлович	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Исаева Гүлмира Сұлтанбайқызы	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Мағауов Әсет Маратұлы	- Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі
Рамазанов Арман Қайырбекұлы	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министрі
Сахнов Жандос Мұхитұлы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық және экономикалық интеграция департаменті директорының міндетін атқарушы
Нұрашев Тимур Бекболатұлы	Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары
Қоныспаев Ермұхамбет Болатпекұлы	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Сыртқы экономикалық саясат департаменті директорының орынбасары
Сақтағанов Нұрымбет Аманұлы	- Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары
Ахметов Ратмир Бақытұлы	- Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
Әміржанов Рақымбек Маршалұлы	- Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары
Әукенов Ерлан Мұратұлы	- Алматы қаласы әкімінің орынбасары
Дычко Николай Васильевич	- Павлодар облысы әкімінің орынбасары
Жамалов Бауыржан Салдарұлы	- Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
Жанке Тимур Амантайұлы	- Жамбыл облысы әкімінің орынбасары
Кайнарбеков Асхат Қанатұлы	- Ақмола облысы әкімінің орынбасары
Кәрібеков Марғұлан Сібірұлы	- Қарағанды облысы әкімінің орынбасары
Ким Евгений Германович	- Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Мырзалиев Мейіржан Иябайұлы	- Қостанай облысы әкімінің орынбасары
Стексов Игорь Валерьевич	- Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары
Әбдіқадыров Әлішер Елісұлы	- Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасының басшысы
Григорьева Вера Владимировна	- Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы
Мұрат Маржан Мұратқызы	- Алматы облысы Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы
Жандосов Ораз Әлиұлы	- "Қазақстан экономистер қауымдастығының" қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК